

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

«Талдыбұлақ ауылдық округ әкімі аппараты» ММ-нің 2017 жылғы 10 айында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі туралы ақпарат

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобымен 2017 жылғы 30 қазаннан бастап 1 қарашаға дейін кезеңінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобымен (одан әрі-жұмыс тобы) нормативтік құқықтық актілер зерделенді:

- ауылдық округ әкімі аппаратының қызметін қозғайтын: «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Қағидалары, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 18 желтоқсанындағы №147 бұйрығымен бекітілген, Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №144 бұйрығымен бекітілген, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидалары, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығымен бекітілген, Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 568 қаулысымен бекітілген, Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген, Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы №648 бұйрығымен мамандар жұмыстанған.

Мемлекеттік мекемесінің қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауына 2017 жылдың 10 айлық қорытындысына келесі бағыттар кіреді:

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысушылығы;

Аппараттың штат саны 8 бірлікті құрайды, соның ішінде 4 бірлік мемлекеттік қызметші.

Кадр ауысушылығы тіркелді. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтер, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізу туралы» Жарлығына сәйкес округ әкімі сайланды.

2017 жылдың наурызында 4 әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің 4-де аттестациядан өтті. Аттестация қорытындысы бойынша 4 мемлекеттік қызметші атқаратын қызметіне сай келеді деген шешім қабылданған.

Мемлекеттік қызметкерлерге тәртіптік жазалар қолданылған жоқ.

Барлық мемлекеттік қызметшілер кірістер және мүлік туралы декларацияларды мемлекеттік кірістер органдарына уақытында ұсынды.

Мүдделер қақтығысы фактілері орын алмаған;

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын ішкі бақылау бойынша ауылдық округ әкімі аппаратында «Жеке қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтама беру» туралы 7 өтініш қаралып, мемлекеттік қызмет көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша арыз-шағымдар жәшігіне ешқандай шағымдар, ескертулер түспеген.

Мекемеде рұқсат беру функциялары жоқ;

Мекемеде бақылау функциялары жоқ;

2017 жылдың 10 айында 4 шешім, 26 өкім қабылданды, мемлекеттік қызметшілерге қатысты 16 өкім «е - қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесіне енгізілді.

2017 жылғы 10 айында жеке және заңды тұлғалардан 4 өтініш тіркелген. Оның 4 – жеке тұлғалардан, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша өтініштер келіп түспеген. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес өтініштердің қарастыру мерзімі мен қарау тәртібі қатаң сақталады. Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштер веб-еуол бағдарламасына уақытылы тіркеліп, аудан әкімі аппаратының жалпы бөліміне жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің айлық, тоқсандық, жылдық есептері уақытымен тапсырылған.

Бұқаралық ақпарат құралдарына өткізілген мониторингі («Сырым елі» қоғамдық-саяси аудандық газеті, Сырым ауданы әкімдігінің ресми интернет ресурсы) мекеменің мемлекеттік қызметшілеріне қатысты теріс материалдар болған жоқ.

Прокурорлық қадағалау актілері келіп түспеген.


«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығын іске асыру мақсатында 2017 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Сырым аудан әкімімен бекітілген іс-шаралар жоспарына сай жұмыстар үнемі атқарылып отырған.

Сондай-ақ қызметкерлердің құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын арттыру мақсатында ауылдық округ әкімі аппаратында құқықтық оқыту жоспарына сай 2 құқықтық оқу өткізілген.

Жоғарыда айтылған негізінде, жұмыс тобымен «Талдыбұлақ ауылдық округ әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2017 жылдың 10 айында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы семинар-тренингтер, құқықтық оқуларды биылғы жылдың соңына дейін өткізуді және округ әкімі аппаратының сыбайлас жемқорлыққа қатысты атқарылған жұмыстарының нәтижесін 2017 жылдың желтоқсан айында өткізуді ұсынамыз.

Талдыбұлақ ауылдық округ әкімі



Ж.Мухамбетжанов